

Арнаулы оқу-тәрбие мекемелері

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1993 ж. 13 шілде N 286-ө

Қазақ КСР Министрлер Кабинетінің "Дене бітімінің немесе ақыл-ойының дамуында кемістіктері бар балалар мен жас өспірімдерге арналған арнаулы оқу-тәрбие мекемелерінің жұмысын жақсарту жөніндегі шаралар туралы" 1991 жылғы 11 ақпандағы N 91 және "Қазақстан Республикасында мүгедектердің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі 1992 - 1995 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы" 1991 жылғы 16 желтоқсандағы N 783 қаулыларын орындау үшін :

1. Дамуында ауытқушылығы бар Балаларды қорғау лигасының және Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Алматы, Қостанай, Семей қалаларында және Алматы облысының Шамалған селосында бюджеттен тыс қаражат есебінен қосымшаға сәйкес мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелер мен арнаулы мектептерді жобалау мен салу жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

Осы объектілердің жобалау-іздістіру және құрылыс-монтаж жұмыстарын қаржыландыруды, сондай-ақ тапсырыс беруші міндетін Лиганың Жоғарғы Кеңесі жүзеге асыратындығымен келісілсін.

2. Алматы, Қостанай, Семей облыстарының, Алматы қаласының әкімдері мамандандырылған мектепке дейінгі мекемелер мен арнаулы мектептерді салу үшін Балаларды қорғау лигасына құрылыстан бос, табиғи-климат жағдайы қолайлы жер учаскелерін бөлсін және инженерлік коммуникациялар құрылысы мен жоғарыда аталған объектілердің, жылу энергия көздеріне, сумен жабдықтауға және канализацияға қосылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Ұлттық банкі Лиганың өтінімі бойынша Республикалық валюта қорынан импорт бойынша жабдықтар мен дәрі-дәрмек сатып алу үшін жыл сайын қажетті валюта қаражатын бөліп отырсын.

4. Ұлттықбанк, Қазәлеуметбанк және республиканың басқа да банкілері дамуында ауытқушылығы бар балалар арнайы білім алатын, оқытылатын, тәрбиеленетін және емделетін объектілерді салу үшін Лигаға жеңілдетілген кредиттер бөлінуіне жәрдемдесетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігі жаңа мамандандырылған оқу-тәрбие мекемелері мен емдеу мекемелерін салу мен құруға байланысты мәселелерді шешуде Балаларды қорғау лигасына ұйымдастырушылық-практикалық жағынан көмек көрсетсін.

Премьер-министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
1993 жылғы 14 шілдедегі
N 286 өкіміне
қосымша

Дамуында ауытқушылықтары бар балаларды қорғау
лигасы салуға тиісті мамандандырылған мектепке
дейінгі мекемелер мен арнаулы мектептердің
ТІЗБЕСІ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК